

Бекітемін

КМҚК «Шуақты Шұғыла»

бөбекжай балабақшасының меңгерушісі



Назарханова А.А

Ертеңгілік «Құтты болсын жана жыл»

Ересек «Қошақан» тобы

Тәрбиешілер: Баяхметова К.Б

Жусанбаева Д.Ж

2023-2024оқу жылы

«Қош келдің, Жаңа Жыл»

Ертеңгілік мақсаты: балаларға бұл мерекенің дүние жүзі бойынша барлық халықтың үлкен көңілмен қарсы алатын ерекше мереке екенін ұғындыру. Жаңа әндер, тақпақтар жаттату, би үйрету.

Музыка әуенімен қолдарына бұлап бүлдіршіндер шығады.

Бауырсақ: Сәлеметсіңдер ме балалар?! Әдемі болып қайда шықтыңдар?

Жүргізуші: Сәлеметсің бе бауырсақ?! Бізде бүгін ерекше күн, біз Жаңа жыл мерекесін тойлайын деп келдік. Бізге қонақтар келіпті. Құрметті қонақтар, Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Бауырсақ, сен мұнда не істеп жүрсің?

Бауырсақ: Мені атам мен әжем Жаңа жыл мерекесіне арнап пісірген болатын. Мені суыту үшін терезеге қойған. Мен терезеде зерігіп, домала жерге түстім. Содан домалап келе жатып, сендерге жолықтым. Сендер қандай әдемі болып кеткенсіңдер, қандай мерекені тойлағалы жатсыңдар?

Балалар: Жаңа Жыл мерекесін.

Бауырсақ: Балалар сендердің шыршаларың жанбай тұр ғой, қалай тойламақсыңдар? Қане бәріміз жағып көрейікші.

Жүргізуші: Енді не істедік балалар? Біздің дайындаған өлеңіміз бар еді ғой балалар. Соны айтсақ бәлкім шырша жанып қалар?!
(шырша жанбайды)

Жүргізуші: Енді қандай амал қолдансақ екен балалар?

Бауырсақ: Мен білемін, шыршаны жағу үшін Аяз атаның сыйқырлы таяғы керек. Мен орманды аралап келдім, жолды жаттап алдым. Сендерді Аяз атаға алып барамын. Жүріңдер мына тұрған поездға отырып Аяз атаны іздеп қайтайық.

(поездға мініп балалалар бірінші аялдамаға келгенде аю секіріп шығады. Бауырсақты бас салып ұстайды)

Аю: Мен сені жеймін.

Жүргізуші: Аю, сен бауырсақты жемеші. Біздің балалар саған өз өнерлерін көрсетеді.

Тақпақтар

Жүргізуші: Аю, саған біздің балалардың тақпақтары ұнады ма?

Аю: Иә, өте өнерлі балалар екен.

Жүргізуші: Сен олай болса Жаңа жылды бізбен бірге қарсы ал.

(Балалар поездбен әрі қарай жүреді, екінші аялдамаға келгенде алдыларынан қасқыр ырылдап шығады да бауырсақты бас салады)

Қасқыр: Бауырсақ, мен сені жеймін.

Жүргізуші: Қасеке, сен бауырсақты жемеші. Ашуыңды басып біздің балалардың өнерін тамашала.

Қасқыр: Олай болса сендердің балаларың ойын ойнай ала ма? Балалардың шапшаңдығын тексеріп көрейін.

Ойын: «»

Қасқыр: Ой, жарайсыңдар балалар қандай шапшаңсыңдар.

Жүргізуші: Олай болса Қасеке сенде бізбен бірге Жаңа жылды қарсы ал. Біздің балалар тек шапшаң емес, әрі өнерлі. Біздің Жаңа жылға, шыршаға арналған әндеріміз бар.

Ән: «Жасыл шырша»

(Балалар поездбен сапарын ары қарай жалғастырады, аялдамада көңіл күйі түсіп түлкі күтіп отырады.)

Жүргізуші: Сәлеметсің бе, түлкі жан?! Неге көңілсізсің?

Түлкі: Мен сыйлық толы қоржынды тауып алдым, бірақ аша алмай отырмын.

Жүргізуші: Бұл Аяз атаның қоржыны емес пе? Бұны тек Аяз ата ғана аша алады. Сенің көңіл күйінді көтеру үшін біздің балалар тамаша ән айтып берсін.

Ән: «Әппақ қар»

Жүргізуші: Түлкіжан, көңілің көтерілді ме? Олай болса Аяз атаны бірге іздейік, сонда ғана сыйлықты аша аламыз.

(Сапарлары ары қарай жалғасады. Бұл жолы Ақшақарды кездестіреді.)

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе Ақшақар?!

Ақшақар: Сәлеметсіздер ме! Сіздер Аяз атаны көрген жоқсыздар ма? Қоржынын жоғалтып, соны іздеу үшін орманға кетіп еді.

Жүргізуші: Жоқ біз кездестірмедік, бізде Аяз атаны іздеп жолға шықтық.

Ақшақар: Олай болса мен кішкентай ұлпақарлармен биімді билеп, Аяз ата менің әуенімді естіп өзі келер.

Би: «Ақшақар» биі

(Аяз ата жаңа жылды қоянды ертіп кіріп келеді)

Аяз-ата: Аяулы аналарға, ардақты ұл-қыздарға

Бүлдіршін балаларға бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерін,

Қандай әсем жырларын

Асулармен алысқан,

Асау желмен жарысқан

Аталарың сендерге

Келіп жетті алыстан

Аяз-ата Мен немерем Ақшақардың дауысын естіп, осы жаққа келдім.

Ақшақар ия ата, келдіңіз бе?

Жүргізуші: Қош келдіңіз Аяз ата, біздің балаларымыз сізге арнап ән орындайды.

Ән «Аяз-ата»

Жүргізуші: Айтпақшы, Аяз-ата сіздің сыйлыққа толы қоржыныңызды тауып адық, бірік аша алмадық. Өзіңізге тапсырайын. (деп, қоржынды береді)

Аяз-ата: Жарайсындар, осы қоржынымды таппай отыр едім, жақсы болған екен. Тағы да өнерлеріңді көрсетсеңдер, мен сендерге қоржынымды ашып, сыйлықтар беремін.

Жүргізуші: Олай болса, біздің кішкентай Аяз-аталарымыз көңілді би билеп береді.

Би «Көңілді аяз-аталар»

Аяз-ата: тамаша балақайлар. Сендерге сыйлықтарды берейін. Ал біз басқа балабақшаға барайық, сендер сияқты бүлдіршіндер күтіп отыр. Аюжан, қасқыржан, түлкіжан, бауырсақ сендер де менімен бірге жүріңдер. Менімен бірге басқа балаларға барамыз. Қош сау болыңдар.

(Аяз-ата және басқа жануарлар шығып кетеді)

Жүргізуші: Жаңа жылды қарсы алып,
Жасаймыз той жылда біз.
Жарқын, жарқын ән салып,
Жалғасады жылға жыл.
Жаңа жылда алдағы,
Көңіл өсіп кеңейсін.
Ортақ ойы арманы,
Жақсы дәстүр көбейсін- деп бүгінгі «Қарлығаш» табының «Қош келдің, Жаңа Жыл!» атты ертеңгілігі осымен аяқталды. Сіздерге көп-көп рахмет!

